

Т. Рысқұлов ауданының шалғайдағы елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен тәртібін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 286 қаулысы. Жамбыл облысы Эділет департаментінде 2015 жылғы 2 қазанда № 2789 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық әкімдігінің 2015 жылдың 27 қарашадағы № 437 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Т. Рысқұлов аудандық әкімдігінің 27.11.2015 № 437 қаулысымен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сакталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31 бабына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 14-бабының 3 бөлігі 3-1) тармағына және "Автомобиль көлігімен жолаушылар мен бағажды тасымалдау қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 2 шілдедегі № 767 қаулысына сәйкес Т. Рысқұлов ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Т. Рысқұлов ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемалары мен тәртібі осы қаулының 1–15 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Әлпейсов Бейсенбек Әшімалыұлына жүктелсін.


3. Осы қаулы әділет органдарына мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Айтаков

Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "28" тамыздағы  
№ 286 қаулысына 1 қосымша

**Шөңгер ауылынан жалпы білім беретін Құлан орта мектебіне  
окушыларды тасымалдау схемасы**




#### Шартты белгілері:

- Шенгер ауылы
- Күлан орта мектебі
- Автобус журу және бағыты
- жапы ұзындығы 8 км


Т. Рыскұлов ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "28" тамыздағы  
№ 286 қаулысына 2 қосымша

**Шенгер ауылдан жалпы білім беретін № 1 Мектеп-лицейіне  
окушыларды тасымалдау схемасы**



Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "28" тамыздағы  
№ 286 қаулысына 3 қосымша

**Мамай Қайынды ауылынан жалпы білім беретін Р. Смаилов орта мектебіне оқушыларды тасымалдау схемасы**




Шартты белгілер:

Мамай Қайыңды ауылы


Р. Смаилов орта мектебі  
 Автобус жүру және бағыты  
 жалпы ұзындығы 8 км

Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің  
 2015 жылғы "28" тамыздағы  
 № 286 қаулысына 4 қосымша

**Сөгеті ауылдан жалпы білім беретін Р. Смаилов орта мектебіне  
 оқушыларды тасымалдау схемасы**




#### Шартты белгілер:




Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "28" тамыздағы  
№ 286 қаулысына 5 косымша

**Қаракемер ауылынан жалпы білім беретін Болтай Батыр орта мектебіне  
окушыларды тасымалдау схемасы**




Т. Рыскұлов ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "28" тамыздағы  
№ 286 қаулысына 6 қосымша

**Жалпақсаз ауылынан жалпы білім беретін Б. Момышұлы орта мектебіне  
оқушыларды тасымалдау схемасы**



Т. Рыскұлов ауданы әкімдігінің  
 2015 жылғы "28" тамыздағы  
 № 286 қаулысына 7 қосымша

**Тасшолақ ауылынан жалпы білім беретін Б. Момышұлы орта мектебіне  
 оқушыларды тасымалдау схемасы**



Б.Момышулы орта мектеби

Шартты белгілер:

Тасмолак ауылы



Б.Момышулы орта мектеби  
Автобус жүру және бағыты  
жалпы ұзындығы 3 км




Темір жол



«Батыс Еуропа- Батыс Қытай»  
тас жолы


Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "28" тамыздағы  
№ 286 қаулысына 8 косымша

**Сүмқайты ауылынан жалпы білім беретін Ақыртөбе орта мектебіне  
оқушыларды тасымалдау схемасы**




Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "28" тамыздағы  
№ 286 қаулысына 9 косымша

**Корагаты станциясынан жалпы білім беретін Корагаты орта мектебіне  
окушыларды тасымалдау схемасы**




Т. Рыскұлов ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "28" тамыздағы  
№ 286 қаулысына 10 қосымша

**Бәйтелі ауылынан жалпы білім беретін Ақбұлақ орта мектебіне  
окушыларды тасымалдау схемасы**



Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "28" тамыздағы  
№ 286 қаулысына 11 қосымша

**Көкарық ауылынан жалпы білім беретін Жамбыл орта мектебіне  
окушыларды тасымалдау схемасы**




#### Шартты белгілер:

- Кекарық ауылы
- Жамбыл орта мектебі
- Автобус журу және бағыты  
жалпы ұзындығы 3 км

Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "28" тамыздағы  
№ 286 қаулысына 12 қосымша

**Әбілхайыр ауылынан жалпы білім беретін Подгорное орта мектебіне  
окушыларды тасымалдау схемасы**




Шартты белгілер:

- Өбілхайыр ауылы
- Подгорное орта мектебі
- Автобус журу және бағыты  
жалпы ұзындығы 3 км

Т. Рысқұлов ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "28" тамыздағы  
№ 286 қаулысына 13 қосымша

**Шолақ Қайынды ауылынан жалпы білім беретін Жамбыл орта мектебіне  
окушыларды тасымалдау схемасы**




Шартты белгілер:

- Шолак, Қайынды ауылы
- Жамбыл орта мектебі
- Автобус жүру және бағыты  
жалпы ұзындығы 6 км

Т. Рыскұлов ауданы әкімдігінің  
2015 жылғы "28" тамыздағы  
№ 286 қаулысына 14 қосымша

**Шөңгер ауылынан жалпы білім беретін Гагарин негізгі мектебіне  
окушыларды тасымалдау схемасы**



Т. Рысқұлов ауданы экімдігінің  
2015 жылғы 28 тамыздағы  
№ 286 қаулысына 15–қосымша

## Т. Рысқұлов ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың тәртібі

### 1. Жалпы ережелер

1. Т. Рысқұлов ауданының шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың осы тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі " Автомобиль көлігі туралы" Заңының 14-бабына сәйкес әзірленген.

## **2. Тасымалдаушыға және автокөлік құралдарына тасымалдау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлігінде қойылатын талаптар**

2. Балаларды тасымалдау Қазақстар Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес жабдықталған автобустармен жүргізіледі.

3. Балаларды тасымалдау мынадай жағдайда үйымдастырылады егер: автомобиль жолдарының өткізу қабілеті автобустардың тұрақты қозғалысын жүзеге асыруға мүмкіндік берсе;

автомобиль жолдарының жай-күйі және олардың жайластырылуы жол жүрісі қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес болған жағдайда.

4. Балаларды тасымалдау үшін мынадай жүргізушілерге рұқсат етіледі:

1) жасы жиырма бес жастан кем емес, тиісті санаттағы жүргізуші қуәлігі және жүргізушінің бес жылдан кем емес жұмыс өтілі бар;

2) автобустың жүргізушісі ретінде кемінде соңғы үш жыл үздіксіз жұмыс өтілі бар;

Автобустарда жүк бөлімінен тыс жерлерде, жүк тасымалдауға жол берілмейді.

3. Балаларды жаппай тасымалдауды және балаларды алыс қашықтықтарға тасымалдауды тасымалдаушы, балаларды оқытушылар немесе арнайы тағайындалған ересек адамдар (15 балаға бір ересек адам) алып барған жағдайдағана орындауы мүмкін.

4. Балалардың үйымдастырылған топтарын тасымалдауды қамтамасыз ететін тасымалдаушы жүргізушілердің еңбек және демалысын үйымдастыру қағидасының талаптарына сәйкес, сондай-ақ тахографтарды және мынадай жағдайларды ескере отырып:

маршруттар бойынша ұзақтығы 12 сағатқа дейін бір жүргізушімен, 12 сағаттан жоғары екі жүргізушімен;

маршруттар бойынша ұзақтығы 16 сағаттан артық жүргізушілердің және жолаушылардың кем дегенде 8 сағат толыққанды демалу үшін (қонақ үйлерде, кемпингілерде және т.б.) жағдайларды қамтамасыз етуді ескере отырып, жүргізушілердің жұмысын үйимдастырады.

5. Автомобиль көлігімен балаларды тасымалдау (экскурсиялық және туристіктен басқа) жолда 4 сағаттан артық болған кезінде және басқа көліктермен балаларды жеткізуді үйимдастыру мүмкін болмаған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

6. Тапсырыс берушінің талабы бойынша қала маңындағы аймаққа немесе қалааралық қатынаста балалардың бір жолғы тасымалдауын жүзеге асыратын тасымалдаушы техникалық жай-күйін кезектен тыс тексеру үшін жол полициясы бөлімшелеріне автобусты жол жүру қарсаңында көрсетеді.

### **3. Автокөлік құралдарына қойылатын талаптар**

7. Балаларды тасымалдауға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық байқаудан өткен көлік құралдары жіберіледі. Бұл ретте автобустардың конструкциясы мен техникалық жағдайы тиісті стандарттардың талаптарына сай болуы қажет. Балаларды тасымалдауға арналған автобустардың кемінде екі есіктерінің болуы және мыналармен:

- 1) автобустың алдында және артында орнатылуы тиіс "Балаларды тасымалдау" деген төрт бұрыш айыратын белгімен;
- 2) сары түсті жылтыр шағын маягымен;
- 3) әрқайсысының сыйымдылығы кемінде екі литр болатын оқай алынатын ерт сөндіргіштермен (біреуі - жүргізушінің кабинасында, басқасы – автобустың жолаушылар салонында);
- 3) екі алғашқы көмек дәрі қобдишаларымен (автомобильді);
- 4) екі жылжуға қарсы тіректермен;
- 5) авариялық тоқтау белгісімен;
- 6) колоннада жол жүргенде – автобустың алдыңғы терезесінде қозғалыс бағытымен оң жағында орнатылатын, автобустың колоннадағы орны көрсетілген ақпараттық кестемен;

8. санитарлық паспортымен жабдықталған болуы тиіс.

9. Балаларды тасымалдауға пайдаланатын автобустарда мыналар болуы қажет :

ешқандай кедергісіз ашылып, жабылатын жолаушылар салонының есіктері мен авариялық люктер. Есіктерде өткір немесе олардың бетінен алыс түрған шығынқы жерлер болмауы тиіс;

жабық жай-күйде жүргізушінің кабинасы мен жолаушы салонына жауын-шашынның түсін толық болдырмайтын тәбе, авариялық люктер және терезелер;

берік бекітілген тұтқалар және отырғыштар;

жолаушыларға арналған креслолардың отырғыштары мен арқалықтарының таза және жыртықсыз тыстары;

тегіс, шығынқы жерлері немесе бекітілмеген бөлшектері жоқ баспалдақтары мен салонның едені.

Салон еденінің жамылғысы жыртықсыз материалдан жасалуы тиіс; шаңнан, кірден, бояудан және олар арқылы көруді төмендететін өзге де заттардан тазартылған терезелердің мөлдір шынылары. Терезе ойының ақпараттық немесе жарнамалық материалдармен 30 %-дан артық жабуға тыйым салынады;

жылдың сүйк мезгілінде жылтытылатын және ыстық мезгілінде желдетілетін,

құрал-сайман және қосалқы бөлшектер тиелмеген жолаушылар салоны.

10. Жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау кезінде пайдаланылатын автобустар мен шағын автобустардың салондарын ылғалды жинау ауысымда кемінде бір рет және ластану шамасы бойынша жүргізіледі.

11. Сыртқы кузовты жуу аусынан кейін өткізіледі.

#### **4. Балаларды тасымалдау тәртібі**

12. Балаларды тасымалдау техникалық жағдайы автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидасының талаптарына жауап беретін, кемінде екі есігі бар автобустармен жүзеге асырылады.

13. Оқу орындарына тасымалдауды ұйымдастыру кезінде тасымалдаушы жергілікті атқарушы органдармен және оқу орындарының әкімшілігімен бірлесіп маршруттарды және балаларды отырғызуудың және түсірудің ұтымды орындарын белгілейді.

14. Автобусты күтіп тұрған балаларға арналған алаңшалар, олардың жүріс бөлігіне шығуын болдырмайтындей жеткілікті үлкен болуы тиіс.

Аландарда жайластырылған өту жолдары болуы және жолаушыларды және багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасуы тиіс.

15. Балаларды оқу орындарына тасымалдауға тапсырыс беруші балаларды отырғызу және түсіру орындарының жай-күйін тұрақты тұрде (айна кемінде бір рет) тексереді.

16. Егер балаларды тасымалдау тәуліктің қараңғы мезгілінде жүзеге асырылса, онда алаңшалардың жасанды жарығы болуы тиіс.

17. Күзгі-қысқы кезеңде аландар қардан, мұздан, кірден тазартылуы тиіс.

18. Балалардың топтарын 22.00-ден бастап 06.00 сағатқа дейін автобустармен тасымалдау, сондай-ақ көрінім жеткіліксіз жағдайда (тұман, қар жауған, жаңбыр және басқалар) тыйым салынады. Тәуліктің 22.00 сағатынан бастап 06.00 сағатына дейін теміржол вокзалдарына және әуежайларға және олардан, сондай-ақ жақын арадағы демалыс орнына (қонағын жерге) дейін жолда кідіріп қалған кезде балаларды тасымалдауға рұқсат етіледі.

Тасымалдау қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол және метеорологиялық жағдайлардың қолайсыз өзгеруі кезінде, автобустардың қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайда тасымалдаушы рейсті алғып тастауға және бұл туралы тапсырыс берушіге дереу хабарлауға тиіс.

19. Автобустардың қозғалыс кестесін тасымалдаушы мен тапсырыс беруші келіседі.

Жол жағдайларының қолайсыз өзгеруі кезінде, басқа жағдайлар кезінде ( қозғалысқа шек қою, уақытша кедергілердің көрінуі, бұл жағдайда жүргізуші кестеге сәйкес жылдамдықты жоғарылатпай жүре алмайды), кесте жылдамдықты төмендету жағына (қозғалыс уақыттарының артуына) түзетілген болуы тиіс. Кестенің өзгеруі туралы тасымалдаушы тапсырыс берушіге хабарлауы тиіс, ол балаларды дер кезінде хабарландыру бойынша шаралар қабылдайды.

20. Балаларды жаппай тасымалдауға және алыс жерлерге балаларды тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы тапсырыс берушімен бірлесіп балалардың жиналу пунктінде және келу пунктінде автобустардың аялдауы үшін алаңшалардың болуын; отырғызу алаңшаларының болуын тексереді. Отырғызу және түсіру орындары автобус тұрағынан кемінде 30 метр қашықтықта орналасуы тиіс.

21. Тапсырыс беруші балаларды тасымалдайтын әрбір автобусқа балалармен оларды жеткізу орнына дейін алып жүретін, тапсырыс беруші-ұйым қызметкерлерінің немесе ата-аналарының ішінен жауаптыларды белгілейді ( мектепке, өзге білім беру үйімдарына балаларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асырған кезде жауапты ретінде еріп жүрушілер үшін арнайы нұсқама алған жоғары сынып оқушыларын (16 жастан жоғары) белгілеуге жол беріледі).

22. Балаларды тасымалдау кезінде автобустың жүргізушісіне мыналарға тыйым салынады:

- 1) сағатына 60 километр артық жылдамдықпен жүргүгө;
- 2) жүру маршрутын өзгертуге;
- 3) балалар бар автобус салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, бағажды немесе мүкәммалды тасымалдауға;
- 4) автобуста балалар болған кезінде, соның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автобус салонынан шығуға;
- 5) автомобиль легінде жүру кезінде алда жүрген автобусты басып озуға;
- 6) автобуспен артқа қарай қозғалысты жүзеге асыруға;
- 7) егер ол көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе оны жүргізуші жок болғанда пайдалануын болдырмау шараларын қолданбаса, өз орнын тастан кетуге немесе көлік құралын қалдыруға.